


*Корей тіліндегі
сөз таптары мен
көмекші сөздер*



품사 분류





Зат есім (명사)

Зат есім (명사) – заттың атауын білдіретін сөз ретінде алдында анықтауыш сөздер, есімшенің жалғаулары, '은', '을' , зат есім, тағы басқалары келе алады, соңынан септік жалғаулары, зат есім, етістік, сын есім, тағы басқа сөздер жалғана алатын сөз табының бір түрі.

Зат есімнің бөлінуі:

- Жалқы есімдер (보통명사) деп белгілі бір ғана затты арнай, даралай атайтын зат есімдерді атайды.

Мысалы: 안창호 , 금강산

- Жалпы есімдер(고유명사) деп тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдарды білдіретін зат есімдер аталады.

Мысалы: 학교, 가족

- Тәуелсіз зат есім - сөйлемде толық мағыналы бастауыш қызметін атқаратын сөздер.

Мысалы: 집, 사람, 바다

- Тәуелді зат есім – сөйлемде жалғыз өзі қолданыла алмайды, толық мағына беру үшін алдына немесе артынан тағы бір сөзді қажет етеді.

Мысалы: 내 것 (것 – нәрсе, тәуелді зат есім)



Есімдік (대명사)

Есімдік (대명사) - адамның есімі, орын, құбылыстар тағы басқаларының орнына меңзеуші сөз ретінде қолданылады, грамматикалық тұрғыда зат есіммен бірдей.

- ➔ Сілтеу есімдігі: **이, 그, 저, 여기, 거기, 이리, 거리, 저리.**
- ➔ Болымсыздық есімдігі: **아무도, 아무곳도, 아무데도, 언제나.**
- ➔ Сұрау есімдігі: **누구, 무엇, 어디, 무슨, 어느, 어떤, 어떻게, 몇, 얼마, 왜, 언제.**

➔ Жіктеу есімдігі:

1-жақ	나, 저 (сыпайы түрі) - мен	우리 – біз	내, 제 – менің, 우리의 - біздің
2-жақ	너 – сен, сыпайырақ формасы: адамның аты +씨, немесе қызметтегі орны бойынша(사장님, 교수님), 당신 – көбіне ерлі-зайыптылар бір- біріне қолданады.	여러분	너의 ...+씨의 사장님의
3-жақ	이, 그, 저 (사람, 분)	+들	+의



Сан есім (수사)

Сан есім (수사) – зат есімнің саны мен ретін білдіретін сөз ретінде грамматикалық тұрғыда зат есіммен бірдей. Корей тілінде екі түрлі сан есім формасы бар: қытай сандары, корей сандары.

	<i>Корей тіліндегі сандар</i>	<i>Қытай тіліндегі сандар</i>
1	하나	일
2	둘	이
3	셋	삼
4	넷	사
5	다섯	오
6	여섯	육
7	일곱	칠
8	여덟	팔
9	아홉	구
10	열	십

Корей тіліндегі сандар:

*Реттік сан есім жасаған кезде (첫 번째, 첫째)
우리는 두 번째 날에 서울에 갔어요.

*Заттың санын білдіретін개 көмекші сөзімен:
펜 두 개를 주세요.

*Адам санын білдіретін명 көмекші сөзімен.
저는 어제 다섯 명의 친구를 만났어요.

*Адам жасын білдіретін살 көмекші сөзімен.
저는 열 아홉 살입니다.

*Сағатты айтқан кезде.
두 시에 봅니다.

Қытай тіліндегі сандар:

*Ақшаны айтқан кезде
천원 – 1000

*Күнді, айды, жылды айтқан кезде:
사월 삼일 – 3-сәуір,

*Минут пен секундты айтқан кезде
오분 – 5 минут
십초 – 10 секунд

*Телефон нөмірін айтқан кезде
-전화번호 몇 번입니까?
-010-2906-6088

*Үлкен адамның жасын айтқан кезде 세 көмекші сөзімен
할아버지는 70(칠십) 세입니다.



Етістік (동사)

Етістік (동사) - сөйлемнің басында тұратын адамның қимылын немесе табиғат құбылыстарын білдіретін сөз ретінде алдында септік жалғаулары, зат есім, үстеу, тағы басқалары келе алатын, өзгермейтін етістік түбірінен кейін жалғау жалғануы керек сөз табы.

Сөйлем түрі/ Сөйлем шағы	Осы шақ	Өткен шақ	Келер шақ
Хабарлы сөйлем	-합니다/해요	-했습니다/했어요	-하겠습니다/하겠어요
Сұраулы сөйлем	-합니까/해요	-했습니까/했어요	-하겠습니다/하겠어요
Лепті сөйлем	-하는구나	-했구나	-하겠구나

Корей тілінде де етістіктер бастауыштың қимылы мен жай-күйін білдіретініне байланысты екіге бөлінеді. Іс-қимылды білдіруші етістіктің өзі болса, жай-күйді білдіретін етістік сын есімнен жасалады:

대부분 사람들은 이런 음식을 좋아해요. («좋아하다-жақсы көру» етістігі арқылы бастауыштың қимылын көрсетіп тұр)

제 친구는 만든 음식이 좋습니다.(«좋다-жақсы» деген сын есімнің етістікке айналуынан заттың күйін, жағдайын білдіріп тұр)